

егемен

ҚАЗАҚСТАН

«Құс жолының» қиқулы тарихы - 4

Түркілердің бастапқы өркениет ошағы хақында

27.04.2017



(Соңы. Басы 77-80 нөмірлерде)

Үндістанда ортаазиялық түркілер құрған Дели сұлтандығы (1206-1526), кейін сұлтандық орнына келген Әмір Темірдің шөбере-шөпшегі Бабыр құрған Ұлы Моғолдар империясы туралы бұрынғы кеңестер кеңістігінде жазылған еңбектер болды, бірақ Орта Азиядан ауып келген осынау ірі тарихи тұлғалар іргесін қалаған мемлекеттердің жергілікті халқының кімдер екендігі туралы жұмған ауыз ашылмады. Оларды дравидтер, андралар, телегулер, тамильдер, каннарлар, малаялилер деп жазбауға амал болмағанмен, олардың түркілер екені барлық басылымдарда мұқият өшіріліп қана қоймай, олардың әргі тектері туралы әдейі бұрмаланған ақпарлар берілді. Энциклопедиялар оларды африкалықтар, зәңгілер, үндіеуропалықтар деп жазды. Ал Үндістан топырағында мемлекет, империя құрған түркі әулеттері – басқа топыраққа жер арқасы қияннан ауып келген үркердей шағын топ, жергілікті халықты тонап, қанаушы деп суреттелді.

1600 жылдардан басталған ағылшын, португал, француз отаршылығының жаугершілік қаруы алдымен оңтүстік өлкелер мен теңіз жағалауын мекендеген дравид түріктеріне бағытталды. Бабыр негізін салған Ұлы Моғолдар империясы әмірлерінің әскери күш-қуаты ағылшындарға қарсы соғысқа жұмылдырылды. Олар шет ел басқыншыларымен аянбай жағаласты. Ұлы Моғолдар империясының соңғы әмірі Сираж-ад-Дин Баһадүр ағылшындарға қарсы халық көтерілісін бастап, 1858 жылы отаршылардың қолына түсіп, Бирма

түрмесінде өлді. Алайда, үнді халқының азаттығы үшін жанпидаға барған шын күрескердің аты ұмыт болды.

Ағылшындар қазіргі кезде жаны да, тәні де, рухани мұраттары мен өмірлік көзқарастары үнділеніп біткен арғы тегі үндіеуропалық болып саналатын арий тайпасы өкілдеріне айрықша іш тартып, оларды Англия оқу орындарында көптеп оқытып, Үндістандағы үкімет басқару ісіне молынан қамтыды. Үндістан топырағында азаттық жолындағы күрестер тынбай жүріп жатқанмен, 1896-1902 жылғы ағылшын-бур, 1906 жылғы ағылшын-зұлыс соғысында негізінен арий өкілдерінен тұратын Үндістан үкіметі ағылшындарға көмекке келді. Осы жағдай ағылшын отаршыларының үнділерге көзқарасын өзгертті, олардың жау емес, дос екеніне көздері жетіп, өз-өзін басқару құқығын беруді ойластырды. Сырт көрінісі бір бөлек, ішкі мағынасы бір басқа болып келетін ағылшынның көлгір саясаты ақыры Үндістанды тастап шыққандай күн туса, билік тізгінін арийлердің қолына беріп кетудің қамын қамданды. Махатма Гандидің тегеурінді қарсылықтарға бармай, көшелерде иіріліп отыру, бейбіт шерулері мен петициялық күрестері арғы жағында ағылшын саясатшыларының қолымен үйлестірілген әрекет ұшығы байқалады. Ұзақ жылдар кертартпа қасталықтың шырмауында болып, Үндістан саяси-әлеуметтік өмірінде белсенділік көрсете алмаған арийлердің беделін ағылшындар қолдан көтеріп, үкімет басына Махатма Ганди мен Джавахарлал Нерудің келуіне жағдай жасап, жол ашты.

Ұзаққа созылған күресте дравидтер ұлттық-территориялық штаттар құруды талап етті. Олардың талабы 1956 жылы ғана жүзеге асты. Сөйтіп, тамильдер мекендейтін аймақта – Тамилиад, телегулар аймағында – Андхра-Прадеш, каннарлар аймағында – Карнатака, малаялилер аймағында – Керала штаттары құрылды. 1995 жылғы санақ бойынша дравид түркілерінің өкілдері телегулар – 51 млн, тамильдер – 46 млн, каннарлар – 24 млн, малаялилер – 22 млн, гондтар мен кандхилер – 24 млн, ал соңғы санақ бойынша олардың қатары әжептәуір молайды.

Сонымен, қазіргі лингвист ғалымдардың сараптауынша, Үндістандағы түркі тілінде сөйлейтін, жазатын дравид қауымы жеті топқа жіктеледі: солтүстік-батыс тобы – брахуйлер, солтүстік-шығыс тобы – курукх, манголар, орталық Үндістан тобы – колам, пардж, найк, чадабалар, гондаван тобы – гонды, конда, пенго, шанда, куй, кувилер, оңтүстік шығыс тобы – телугулар, оңтүстік-батыс тобы – тулу, корага, белларлар, оңтүстік тобы – тамиль, малаяли, коннада, тода, кота, кодагу және т.б. Үндістанның астанасы Дели – ежелгі дравид түркілерінің отаны болып саналады. Үндістан халқының 25 пайызы түркілер, 260 млн адам. Түркі тілдерінен ең дамығаны тамиль тілі, түрік тілді әдеби шығармалар негізінен осы тілде жазылады. Алайда, неше мыңдаған жылдармен өлшенетін замана ағымын бастан өткеріп, неше түрлі мемлекеттіктер аясында дәуірлеп, құлдырап, бірігіп, ажыраған олардың байырғы саналарының қай дәрежеде екені көнелікке әуес дәстүршіл қауымдарды алаңдатпай қоймайды.

Сонымен, осынау ұшан-теңіз, көл-көсір деректердің аясында біздің ғалымдардың ежелгі шумер дастандарынан туркиш, ассирия сына жазуынан турки, урарту жазбаларынан турух сынды жекеленген атауларды кездестіріп, Қиыр Оңтүстік Азия топырағынан түрік этносының іздерін сарыла іздеп, сенер-сенбесің екіұдай шалажансар болжамдар жасап келгендері қазір күлкілі көрінеді. Аталмыш топырақта ата-бабаларымыз жасаған ұлы мәдениет – элам-дравид өркениет ошағы жатқанына, оның айшықты іздері әлі де жоғалмай

жарқырап тұрғанына енді ғана көз жеткізу әрі күйінішті, әрі қуанышты. Еуроцентристік идеология түрікке қатыстының бәрін топыраққа көміп, бетін мұқияттап жауып, жасырып тастаған. Көзге көрінеу көрініп тұрғандардың өзін бұрмалай баяндап, тарихи тұрғыдан жетілмеген әлжуаз, балаң миымызды шатыстырып, басқа қиырға салып жіберген. Эламды парсылық мәдениет деп, дравид түркілерін ауызға да алмай, дравид храмдарында буулы жатқан «потхи» жазуларын зерттеуді керіге ысырумен келгені де көпе-көрінеу. Оның арғы астарын түсіну де қазір қиын емес: Азия мен Еуропаның мол территориясын қамтыған ауқымды түркілік мәдениет семиттердің де, үндіеуропалықтардың жасаған ареалын қусырып, тыныстарын тарылта бастаған-ды.

Тарих тақырыбына қалам тартқан көздері қарақты қаламгерлердің бар жігер-күші еуроцентризм терісін айналдырып кигізіп, бұра тартқан қыңыр қағидалармен аянбай күресумен өтетіні қазірден белгілі болып отыр. Соның тағы бір көрнекті мысалы бітеу қабырға болып алдымызда тұр.

Жоғарыда біз Топан тасқыны сапырылысында қиыр оңтүстік өлкелерді жайлаған орал-алтай және үндіеуропа тілді халықтардың су шаймаған биік Еуразия қырқасына жөңкілгенін айтқанбыз. Осы әлемдік зілзала тұсында Алдыңғы Азияны жайлаған үндіеуропалықтардың дені Балқан түбегіне жылжыған да, азы Орта Азия топырағына келіп, Памир таулары мен ортаазиялық қос өзен аңғарында кідір-ген. О бастан-ақ биік таулы өлкелерге қоныстанған үндіеуропалықтардың бір тармағы картавел тілді армян, грузиндер орындарынан қозғалмаған. Б.з.б. 5-ші мыңжылдықта Гималай тауының сыртына орныққан тохартайпалық қауымы дах, дак атымен Орал тауы өңіріне құйылған. Шындап келгенде, орал тілді халықтардың ұйысуына осы дахтар шешуші әсер етті.

Тох, тохар да, дах, дактар да – әртүрлі диалектілік дыбысталудағы бір атау. «Таулықтар» деген сөз. Гималай тауларының биік жоталарын мекендегендіктен осылай атанған.

Еуразия өмірінде орын алған осынау тарихи процесс орыс зерттеушісі В.В. Ивановтың «Тохары» еңбегінде былайша баяндалады: «Протохарский язык восходит к особому диалекту общеиндоевропейского праязыка. На последнем говорили около V – IV тыс. до н.э. племена, обитавшие существенно западнее Центральной Азии: либо в Северном Причерноморье, либо в приволжско-уральских степях. При любом из приурочений индоевропейской прародины остается несомненным, что отделившись от других родственных диалектов, пратохарский должен был проделать очень большой путь, последний этап которого ведет через Среднюю Азию в Восточный Туркестан» (Восточный Туркестан в древности и раннем средневековье. М., 1992. Тохары. 6 с.).

Аталмыш қауымның түп тегі үндіеуропалық делінуі таласты болғанмен, б.з.б. 5 мыңыншы жылдары олардың Орал тауларының оңтүстік өңірлері, Еділ-Жайық аралығы, там-тұмдап Қаратөңіз өңіріне иек артқаны дау туғызбайды. Демек, б.з.б. 5-ші мыңжылдықта Гималай тохарларының тегеурінді қалың ілегі қазақ топырағының батыс өлкелеріне келіп қоныстанған. Оны нұқып көрсеткендей болып отыру себебіміз – батыс өңір тайпаларының қалыптасуында осы этностың шешуші орны барына мән беру.

Орыс ағайындар тегі үндіеуропалық деп талас тудырып отырған тохар тілі лингвистика ілімінде тохар-сақ тілі деп аталады. Соның бір өзі-ақ тохарларды үндіеуропалық деуге – сақтықпен қарау керектігін ескертіп тұрған жоқ па? Тохар тілі туралы зерттеулер Шығыс Түркістаннан кезіккен тілдік жәдігерліктер негізінде жүргізілді. Оның «А», «В» деген екі

диалектісі сарапталды. Ежелгі тохар тілінің алдыңғы азиялық хет, лувий, оңтүстік азиялық элам, дравид, қала берді орал тілдерімен жақындығы анықталып отыр. Элам, дравид, орал тілдерінің түркі тілдері тобына кіретінінің басы ашық. Таласты болып отырған алдыңғы азиялық хет, лувий тілдері. Еуропа, орыс ғалымдары оларды үндіеуропалықтар қатарына жатқызып буынсыз жерге пышақ ұрып әуре. Құдайларын «Тәуба түпі» деп атап, жаратушы құдіреттеріне Құмарби, Астаби, Тархан, Аланзу, Хази, Көтен деп түркі тілінде ат қойып, Страбонның куәлендіруінше ата-бабалары өсіп-өнген топырақты «Кетей» деп, сол туған өлкені кесіп өтетін өзенді «Қайық» деп атаған хеттерді қалайша үндіеуропалық деуге болады (Страбон. География. М., 1994. 581 с.). Тарихшы ғалымдар хеттардың иероглиф жазулары болғанын қақсап айтқанмен, оны іздеген, мән берген, қолға түскен қиынды, жарықшақтарын аударған жан баласы болған жоқ (Иосиф Флавий. Иудейские древности. Том 1. Минск, 1994. Сілтеме – 91. 513 с.). Хеттердің түп төркінін бұлтар-тпайтын ол жазулар үндіеуропалықтардың жыртысын жыртушыларға қажет болмады.

Түркі халықтарының рулық құрылымын зерттеген Н.Аристов арқылы бізге жеткен Канададағы Монреал университетінің профессоры Джон Кемпбелл Синайдағы жұмбақ таңбаларды, батыс Үндістан мен Қабулистандағы парфян, ариан-палий жазуларын хеттердің мұралары деп біледі. Оның пайымдауынша: ежелгі ескі замандарда тұран тайпалары арасынан өркениетті ел дәрежесіне алғаш жеткен хат, хет қауымы. Үндіеуропалықтардың тегеурінді қысымына шыдас бермеген хеттер байырғы отандары Алдыңғы Азияны тастап шығып, б.з.б. VIII ғасырларда Сирия, Месопотамия, батыс Индия жерлерінде өмір сүрген. Ассирия патшасы Саргоннан қатты жеңіліс тапқанмен, батыс Үндістан топырағында будда дінін қабылдап, әлі де ұзақ билік жүргізген. Бұл өңірді жайлана жастанған үнділік арий брахмандары будда дінін тұншықтырып, тыныштық бермеген соң, Гималайға ұзап, тохар сақтарының арасына қоныстанған (Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. С.-Петербург, 1897. 109 б. Сілтеме – 1.). Міне, тохар тіліндегі хеттік элементтер осы кезде пайда болған. Хеттер ортаазиялық және орта сібірлік сақ қауымының іргеленуіне елеулі септігін тигізді. Тохар арасындағы хеттердің бір қайратты топтары Алтай арқылы Сібірге өтіп, Шүй, Би, Қатун өзендері бойында әйгілі кет суперэтносын қалыптады. Тұра-келе хитя атанған олар біртіндеп шығыстағы Хинган тауларынан ауып, моңғолдардың бұрмалауымен хитай атанып, олардан Жетісуға бөліне көшкен бір тобы қара қытай атымен белгілі болды. Тарихтың кейде жақынынды жат етіп жіберетіні болады. Хеттер ақыр соңында осындай кепті киді. Алайда, Жетісуға ауып келген қара қытайлар ортаазиялық саманидтерден қарахандық түріктерді қорғап, наймандардың қатарын толықтырып, қалғандары қытай қыпшақ атанып кетті.

Н.Я. Бичурин: «Қытай тарихы үйсіндерді ерте кездерде Ауғанстанды мекендеген сә (сақ) халқының бір тармағы» деп жазған (Бичурин (Иакинф). Средняя Азия и Восточный Туркестан. Алматы, 1997. 113 – 114 с.). Бұл шын мәнінде тохар сақтары деген боп табылады.

Бұл орайда тілге тиек деректемелер жеткілікті. Соңғы жылдар зерттеулері Тохарстанның Ақарун тайпасымен шығыс түркістандық Ақие (Қарашар), сарыарқалық Арқа (Янь) бектігінің байланыста дамығанына көз жеткізіп отыр. Тохарлық арқа сөзінің тура мағынасы-ақ. Сөйтіп, Есіл-Нұра өзендері бойында қалыптасқан ұлыстың халқы арги, ұлыстың өзі Арқа атанғаны біртіндеп сыр аша бастады (Сарай Ә. Бес Мейрам. Астана, 2016. 37 – 41

с.). Енді кеп, осы гималайлық дах, дакилердің жұртының бір бөлігінің Орал тауы етегі, Еділ-Жайық арасына қоныс аударғанына куә боп отырмыз.

Осымен, «Құс жолы» бойлығы хикаялары» атты тарихи баянымыз соңғы нүктесіне жетті. Бұл кезеңге әдейі ат басын бұрып, тоқтала саралау себебіміз: ұзара созылған Еуразия жотасында етене тән эникалық қауымдардың пайда болу қарсаңында халықтың көшіп-қонып, жаңадан қоныстану тәртібін байқастау еді.

Әнес САРАЙ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты